

2.3 Менгеруші жанындағы кеңестер

№	Қаралатын сұрақтар	Мерзімі	Жауапты
I	№ 1 кеңес 1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы . 2. Тіл мерекесі ,Алтын күз,Денсаулық күні, Республика күнімерекелерінің бағдарламасын бекіту. 3.Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту 4. Балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу , тәрбиешілерді бекіту. 5.Мониторингпен жұмыс	Қыркүйек	А.Ескараева балабақшасы А.Ескараева Тәрбиешілер
II	№ 2 кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2 .Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы» шолу,тексеру қортындысы. 3. «Тілдер күні», «Алтын күз» мерекелерін талқылау 4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту	Қараша	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева Тәрбиешілер Әдіскер
III	№ 3 кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Өткізілген мерекелерді талқылау 3. Бастапқы мониторинг нәтижесі	Желтоқсан	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева Тәрбиешілер
IV	№ 4 кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. 8 наурыз, Наурыз, 1 мамыр мерекелерінің бағдарламаларын бекіту 3.Аралық мониторинг нәтижесі 4.Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы.Жедел тексеру қортындысы.	Наурыз	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева
V	№ 5 кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Өткізілген мерекелерді талқылау . 3. Қортынды мониторинг. 4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.	Мамыр	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева Ән жетекшісі Р.Туратаева А.Ескараева
VI	№ 6 кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық 3. Жөндеу жұмыстары жөнінде	Тамыз	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №1

Мерзімі. 06.09.2023

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Шолу тексерудің қорытындысы.
2. «Тіл мәселесі»,«Алтын күз», «Денсаулық күні», Республика күні мерекелерінің бағдарламасын бекіту.
- 3.Жалпы ата – аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту.
- 4.Балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту.
- 5.Маниторинг жұмысы.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісінің у.м.а. Л.Мамбетова сөз алды. Ол жаңа оқу жылына топтардың жағдайлары жөнінде айтып өтті.Құрметті тәрбиешілер,өздеріңізге тиесілі әр топ бекітіліп берілді.Яғни,сол топқа оның шешініп,киінетін бөлмесіне,әжетханасына,ауласына көмекші тәрбиешілермен бірге жауаптысыздар.Оның ішіндегі жиһаздар мен заттарға,ойыншықтар мен ыдыс – аяқтарға тікелей сіздер және көмекшілеріңіз жаупты.Сондықтан да әрнәпсеге мұқият,таза,ұқыпты тексеріп,мейірбикеден есебін алып,қайта оған жауапты екенін тағы да ескерткім келеді.Менімше,бар нәрселердің жаңа оқу жылына сақадай сай дайын деп ойлаймын,-деді.

2. Балабақша меңгерушісінің у.м.а.Л.Мамбетова сөз алды.Ол өз сөзінде «Тіл халықтың қазынасы», «Арайлы алтын күз», «Денсаулық мерекесі», «Республика күні» тақырыбындағы іс – шарасына дайындық жүргізіліп жатқанын айтты.Балалар тақпақ әндерін жаттап дайындық үстінде жүр.Балаларды ана тілімізді құрметтеуге таза сөйлеуге дыбыстарды дұрыс дағдыларын үйрету. Әр топта «Республика күніне», «Арайлы алтын күз» мерекелеріне ертеңгілік іс – шараларын өткізу тиіс.Қазан айының соңына дейін ертеңгілік іс – шараларының жоспары түзіліп, бекітіліп өткізуі тиіс.

3.Балабақша меңгерушісінің у.м.а. Л.Мамбетова сөз алды. Ол өз сөзінде жалпы ата – аналар жиналысы болатынын, одан топтық ата – аналар жиналысын өткізу мәселесіне тоқталды. Осы айдың жиырма тоғызына,

жалпы ата – аналар жиналысын өткіземіз деп күнін белгіледік. Ондағы қаралатын мәселелерге тоқталды. Ата – аналармен бірігіп жүргізілетін жұмыстар ашық есік күні, ата – аналарға кеңес т.б. жұмыстар атқарылды. Келген ата – аналарға осы жайында сөз қозғап, түсіндіру керек, - деді. Мейірбикеге ата – аналарға арналған баяндама дайындауын ескертті. Келген ата – аналарды тіркеп, жақсылап күтіп, шығарып салайық, - деді.

4. Балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту мәселесі бойынша барлық топ тәрбиешілеріне ескертілді. Әр топ өз тобының тізімін қарап топтан топ ауысуға болмайтынын және де тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, тізімді бала санын нақты қай топқа сай екенін анықтап балалардың жас ерекшеліктеріне сай топтастырылуы жайлы түсіндіріп пікірлесіп, топтарға сай бөлінуін айтып өтті.

5. Мониторинг жұмысы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын» 2023 - 2024 оқу ж-лындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып өабілеттерімен дағдыларын даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг қорытындысы шығарып берілді. Осыған орай тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай мониторингтері жасалды. Тәрбиеленушілердің бағалау жүйесі қанағаттанарлық.

Шешімі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы кезіндегі кемшіліктер дер кезінде орындалсын. Жауапты: Балабақша тәрбиешілері

2. Қыркүйек, қазан айларындағы мерекелер барлық ертеңгілік іс – шаралары өткізілсін.

3. Жалпы ата – аналар жиналысына дайындық жұмыстары қолға алынсын.

Төрайымы б/б меңгерушісінің у.м.а.

Хатшы: б/б тәрбиешісі:



Л.Мамбетова

А.Жұмантай

1

тің

ы
р
і

Неміс тілі бойынша
2 парақ бетте
Қытай тілі мен тілдік
HYDROJET BAK



Handwritten signature: *А. А. А.*

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №2

Мерзімі. 02.11.2023

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы» шолу, тексеру қортындысы.
3. «Тілдер күні», «Алтын күз» мерекелерін талқылау
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту .

1. Балабақша меңгерушісі: А.Ескараева сөз сөйледі. Балабақшаларда білім мен тәрбие берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асыратын ең басты тұлға педагог болса қазіргі таңда педагогтарға қойылып отырған талаптар өте жоғары Жоспар бойынша барлық қызметкерлер өз жұмыстарын атқарып жатыр. Ата – аналар жиналысы уақтылы өтілді.

2. Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы» шолу тексеру қорытындысы бойынша бұрыштарға арналған бұрыштар сапасы төмендігін ескертіп айтып жаңартуды айтып өтті.

3. «Тілдер күні», «Алтын күз» мерекелерін талқылау. Барлық топтарда іс шаралар өткізілді. «Алтын күз» мерекесіне жақсы дайындалып, тәрбиеленушілер іс шара жақсы қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Ата – аналарға тәрбиеленушілердің суреттері мен өнерлерін онлайн түрде вацап желісі арқылы көрсетіп ата – аналардың ілтипатына педагог мамандарымыз бөленді.

4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту . Балабақша меңгерушісі: Ескараева А сөз алып, «Тәуелсіздік мерекесі», «Жаңа жыл» мерекелеріне дайындықтар жүргізіліп, ертеңгілік сценарилері бекітілсін деді. Бағдарламалар бекітіліп ретке келтірілсін деді.

Шешімі:

1.«Алтын күз», «Республика күні» мерекелері талқыланып ұсыныс пікірлер айтылды.

2.Тәуелсіздік күні,Жаңа жыл мерекелерінің сценарийлері,бағдарламалары бекітілсін,жінеде өткізілсін.

Төрайымы б\б менгерушісі:  А.Ескараева

Хатшы: б\б тәрбиешісі:

А.Досымбекова

[Handwritten signature]

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №3

Мерзімі. 27.12.2023

Қатысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Өткізілген мерекелерді талқылау
3. Бастапқы мониторинг нәтижесі.

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі: А.Ескараева өткен кеңестің шешімдері бойынша айтып өтті. Мерекелер бекітілген күндері өткізілді. Топтарда температура тәртібі сақталуда, оқу тәрбие жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес өтілуде.

2. Екінші сұрақ бойынша Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелік іс – шаралары туралы балабақша ән жетекшісі Р.Туратаев айтып өтті. Мерекелік іс шаралар ретінде өтілді. Әр топта балалардың жас шамасына қарай жоспарланған. Мысалы: Ортаңғы топ балалары жас шамасына сай алынған әдемі билерімен қуантса, ересек топтың ұл ғыздары өздерінің мың бұралған билерімен, әдемі әндерімен ата – аналарын қуантты. Сөз алғандар: меңгеруші: А.Ескараева өткен тәуелсіздік мерекесі жоспарға сай алынған. Балалардың дайындығы жақсы жоспарланған, мерекелік бағдарлама жақсы дәрежеде өз деңгейінде өтті. Тәрбиеші: Л.Мамбетова жаңа жыл мерекесін бүлдіршіндер жылына бір күтетін мереке. Оған үлкен дайындық жүргізіледі. Бұл дайындыққа ата – аналарда белсенді қатысады. Балаларға жаңа ажилдық сыйлықтар дайындалды. Әртүрлі кейіпкерлердің жүрісін салып жаттаған тақпақтарын айтқызып мәз болды. Сондықтан барлық ұжым, бүлдіршіндер, ата – аналар қауымы мен белсенді дайындық жүргізген мереке жаман болған жоқ. Барлық мерекелер көтеріңкі көңіл күйде өтті. Жақсы деген баға бере аламын.

3. Үшінші сұрақ бойынша бастапқы мониторингтің қорытындысы бойынша балабақша меңгерушісі: А.Ескараева сөз алды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг жүргізілдің әдістемелік ұсынымдарын» 2023 - 2024 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере

отырып қабілеттерімен дағдыларын даму деңгейін қадағалау бойынша қыркүйек айында 2023 жылы балабақшадағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай бастапқы мониторинг жасалды. Бүлдіршіндеріміздің бағалау жүйесі қанағаттанарлық. Балабақша меңгеруші жиналыс соңында 2023 жылға барлығын құттықтап балабақша қызметкерлеріне өз алғысын білдіріп алғыс хатпен марапаттады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің өту деңгейі жақсы.
3. Бастапқы мониторинг жүргізілді.

Төрайымы б\б меңгерушісі: 

А.Ескараева

Хатшы, б\б тәрбиешісі: 

А.Жұмантай



Қазақстан Республикасының
Сенаттық Палатасы
Баспасөз қызметі
1997-98 жж.
Қазақстан Республикасының
Сенаттық Палатасы
Баспасөз қызметі
1997-98 жж.

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 4

Мерзімі. 12.03.2024

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. 8 наурыз, Наурыз, мерекелерінің бағдарламаларын бекіту
3. Аралық мониторинг нәтижесі.
4. Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы. Жедел тексеру қортындысы.

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі: А.Ескараева өткен кеңестің шешімдері бойынша айтып өтті. Балабақша қызметкерлері мен бүлдіршіндер арасында техникалық қауіпсіздік іс – шаралары жүргізілуде. Қысы бойы топтарда жылу тәртібі сақталынып, күнделікті 21 – 22 градус жылу сақталды.

2. Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі: А.Ескараева сөз алды. Ол кісі өз сөзін ұжымдағы қыз келіншектерді «8 – наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен» құттықтаудан бастады. Өз істеріңізде табысты, белсенді болып, аянбай, шаршамай жұмыс жасай беріңіздер, - деді. Осы мерекеге орай мерекелік іс – шаралар өткізілуі тиіс екенін айтты. Іс – шара сценарийін түзіп, бекітілсін деген ұсынысы айтылды. Және де келе жатқан «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесін ойдағыдай тойлауымыз керек, - деді. Бұл өте үлкен мереке болғандықтан, мерекені ойдағыдай атап өтуіміз керек. Осыған орай топтарда қызу дайындық жасалып, мереке сценарийі түзіліп, бекітілсін.

Сұрақ бойынша ой – пікірлерін білдірген тәрбиешілер

Л.Мамбетова: Көктемнің алғашқы мерекесі-Аналар мерекесі сценарийлер жақсы жоспарланған. Мерекелік іс – шаралардың барлығы тақырыпқа сай жоспарланған. Бүлдіршіндеріміздің 8 – наурыз мерекесіне дайындықтары өте жақсы, өздерінің аналарына арнап сыйлықтар жасады. Әндерді, тақпақтарды балалар өте қызығушылықпен жаттап, билеп үйренді.

А.Досымбекова: Өз наурыз мерекесінде сценарий бағдарламасына қазақ халқымыздың салт – дәстүрінен үзінді жоспарлануда. Сондай ақ тұсау кесер көрінісі енгізілді. Биылғы Наурыз мерекесінде балалар жас ерекшеліктеріне

қарай тақпақтар мен әндерімен қарсы алады. Ән жетекшісі ұсынған сценарийлер бекітілсін деген ұсыныс айтамын.

3. Үшінші сұрақ бойынша аралық мониторингтің қорытындысы бойынша балабақша меңгерушісі: А.Ескараева сөз алды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг жүргізілудің әдістемелік ұсынымдарын» 2023 - 2024 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттерімен дағдыларын даму деңгейін қадағалау бойынша қаңтар айында 2024 жылы балабақшадағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай аралық мониторинг жасалды. Бүлдіршіндеріміздің бағалау жүйесі қанағаттанарлық. Балабақша меңгерушісі жиналыс соңында 2024 жылға барлығын құттықтап балабақша қызметкерлеріне өз алғысын білдірді.

4. Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы. Жедел тексеру қорытындысы. Тәрбиеші апайларымыз балаларды күн тәртібіне байланысты таза ауада күнделікті шығарып қалыптастырған. Балалардың қауіпсіздігін алдын алып, өз деңгейінде орындап жүргенін айтып өтті. Балабақша меңгерушісі: А.Ескараева.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. 8- наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарийлері жақсы.
3. Аралық мониторинг жүргізілді.
4. Балалардың күн тәртібі таза ауада болуы қанағаттанарлық.

Төрайымы б\б меңгерушісі: 

А.Ескараева

Хатшы, б\б тәрбиешісі: 

А.Жұмантай





ЖШС «Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы

**2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 5**

Қазыбек би а\о, Абиболла ауылы

06.05.2024 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық.
3. Жөндеу жұмыстары жөнінде.

1. Тыңдалды балабақша әдіскері А. Ескараева өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды.

Сонымен бірге «Асыл ана! мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды.

Ересек пен ортаңғы топтарда мерекелік ойын сауықтың өткізілу сапасы қанағаттанарлық, мерекелік ертеңгілік балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін сәйкес келетінін, ертеңгілікте жеке және хор ән айту, ойындар мен тосын сәттер жақсы жобаланған, балалардың ән орындауы таза, көтеріңкі көңіл күйде. Ертеңгілікте қыздарды сыйлау, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу мақсаты орындалды.

Ортаңғы «Балапан» тобында ертеңгілікте балаларға қолайлы эмоциялық және психологиялық жағдай жасалған, балалар әндерді орындауы таза, әнді бірге бастап, аяқтай алады, тақпақтарды 50% бала интонацияны сақтап айта алды. Тәрбиеші сценерий мазмұнын жаттап алған. Ертеңгілік бөлімдерін бірінен соң бірін ауыстыруында кедергілер болған жоқ.

Ертеңгілік балаларға эмоционалды көңіл күй сыйлады. Ертеңгілік өтілуі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Сонымен бірге «Наурыз жыл басы!» ертеңгілігі балабақшада талапқа сай өткізілгенін, балаларды туған елін, дәстүрін сыйлау бағдарлама талаптарына сай өткізілгенін айтып өтті. Наурыз айындағы ертеңгілікке келе алмаған ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілгенін, ата-аналар кері байланысқа шығып өз алғыстарын білдіргенін айтып, ата-аналармен жұмысты жандандыруға кеңес берді.

Тәрбиешілер қуана келісті.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері А. Ескараева «Коммуникативтік дағдылар» оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы тақырыпты тексеру қорытындысымен таныстырды. Топтарда балалардың сөйлеуін дамытуды нығайту, тәрбиеленушілердің тілінің дамыту шаралары жүйелі жүргізіліп жатқанын, талаптар сақталатынына тоқталды. Топтарда балалардың тілін

дамытуда ойындар ұйымдастырылып жатыр. Ұйқыдан кейін денсаулық жолдарымен жүру, таңертеңгілік гимнастиканың өтілулері қанағаттанарлық екеніне тоқталды. Балаларға сөйлемдер құрастыруда тәрбиешілердің баламен көп жұмыстар істеуін ескертті. Топтарда коммуникативтік дағдылардың дұрыс орындалуына арналған құралдар түрлері аз, бала санына жеткіліксіз екенін айтып, құралдарын көбейтуді ұсынды.

Тәрбиешілер толық келісім берді. Балабақша музыканты Р.Туратаев «Бақытты балалық шақ» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Мерекелік кеш ойындар, сюрприз сәттерге толы жобаланған. 1 маусым балаларды қорғау күні барлық баланың қатысуымен мерекелік іс-шара өткізгісі келетінін мәлімдеді. Меңгеруші келісім берді.

Тыңдалды «Қош бол балабақша» ертеңгілік сценариімен Р.Туратаев таныстырып өтті. Ертеңгілік балалардың жылдар бойы алған білімдері негізделіп жобаланған. Балаларға өскен ұясын сыйлауға, үлкендердің еңбегін құрметтеуге, білімдерін ортаға көрсете білуге, туған өлкесін, Отанды сыйлауға білім беруге негізделген сценарий құрылғанын, балаларға естелік сыйлық жасауға меңгерушіден көмек керек екенін айтып өтті.

Меңгеруші ертеңгілік сценариін бекітіп, қаржылай көмек беруге келісім берді.

3. Тыңдалды Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша балабақша меңгерушісі: А.Ескараева айтып өтті: Жазғы маусымға балабақша ауласы дайын. Балалар ойнайтын ойын алаңдағы сырғанақтар жөнделіп, сырланып, ойнайтын құмдар електен өткізіп тазаланып қойылды. Алаңдар жаз мезгіліне байланысты көркемделді.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Коммуникативтік дағдылар» оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы тақырыпты тексеру бойынша айтылған ескерту мен ұсыныстар орындалсын. Мерзімі- 31.05.2024ж дейін. Жауапты тәрбиешілер.
3. «Бақытты балалық шақ» балаларды қорғау күніне арналған сценарий бекітілсін. Балаларға арналған сыйлықтар мен керекті материалдармен қамтамасыз етілсін. Жауапты шаруа меңгерушісі
4. «Біз мектепке барамыз» балаларды шығарып салу ертеңгілік сценариі бекітілсін. Ертеңгілік 24.05.2023 ж өткізілсін. Балаларға арналған естелік сыйлықтарға қаржылай көмек меңгеруші А. Ескараеваға жүктелсін.
5. Жөндеу жұмыстарының орындалуы қанағаттанарлық.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А. А.Ескараева

А.Жұмантай

